

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан

ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕ

30 сәуір 2025 ж.
дата

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

№ П-14-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңестің шешімімен
Бекітемін
Төраға Г. Тасбергенова
2025 ж. «30» сәуір №10 хаттама



ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Дайындады:			
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А.Сарымсакова	30.04.25
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Г. Әбдірахман	30.04.25
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а		А. Нусупова	30.04.25
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Н. Кулданов	30.04.25
Compliance officer		Г. Джагупарова	30.04.25
Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		Г. Карабалаева	30.04.25
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова	30.04.25
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Сапа саласының мақсаты мен саясаты	4
4. Сапаны қамтамасыз ету саясатының мақсаты мен принциптері	4
5. Сапаны қамтамасыз етудегі жауапкершілік.....	6
6. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	11
7. Қорытынды ережелер	11
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	12
Танысу парағы.....	13

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 2 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты (бұдан әрі — Саясат) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде орнатылған (бұдан әрі — Консерватория) мәдениеттің үздіксіз сапасын жетілдіру және сапаны қамтамасыз ету бойынша жалпы тәсілдерді, түйінді принциптерді және негізгі механизмдерді көрсетеді.

2. Саясат Консерваторияның сапа менеджменті жүйесіндегі (бұдан әрі — СМЖ) жұмыс жасау негізі болып табылады. Жүйе ішкі аудиттен, тұрақты жетілдіруден тұратын және Консерватория қызметінің барлық бағыттарында сапа мәдениетін дамытуды қолдайтын цикл болып табылады.

3. Саясат Консерваторияның дамыту стратегиясының (бағдарламасының) бөлігі болып табылады және сапа менеджменті жүйесін ұйымдастыру мәселелерін қозғайтын Консерваторияның басқа ішкі құжаттарымен бірге қарастырылады.

4. Саясат Консерватория сайттында көпшілікке қол жетімді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

5. Осы ережеде келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1) Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар, 2015 жылдың мамырында Ереванда өткен министрлер конференциясында мақұлданды;

2) ISO 9001:2016 — Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

3) ISO 19011:2011 — Сапа менеджменті жүйелерінің және/немесе экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті бойынша нұсқаулық;

4) Консерваторияда құжаттау, құжаттаманы басқару қағидалары.

5) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылдың 27 шілдесінде № 28916 болып тіркелді.

6) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанындағы № 17657 болып тіркелді.

7) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазандағы № 17650 болып тіркелді.

6. Бұдан басқа, осы Саясаттың қолданылуы мынадай құжаттамамен ұштастырылуы қажет:

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 3 беті

- 1) Ішкі аудит туралы ереже;
- 2) Тәуекелдерді басқару саясаты;
- 3) «Сәйкессіздіктерді басқару, түзету және алдын алу әрекеттері» құжатталған рәсімі;
- 4) «Басшылық тарапынан талдау» және басқа да құжатталған рәсімі;
- 5) Консерваторияда қабылданған немесе енгізілген СМЖ-нің өзге де құжаттары.

3. САПА САЛАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

7. Сапа саласындағы Саясат Консерваторияның 2023–2029 жылдарға арналған міндетті ісі мен стратегиясына (Бағдарлама және даму жоспары) сәйкес әзірленді және Консерватория қызметінің негізгі бағыттарының сапасын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының инновациялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының ұлттық бағдарламаларын іске асыруға бағытталған.

8. Сапа саласындағы Саясат құрылымдық бөлімшелер басшыларының, проректорлардың қатысуымен әзірленеді және Консерватория ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9. Сапа саласындағы Саясат ЖОО-ның ресми сайтында үш тілде ілінеді.

10. Сапа саласындағы мақсаттар маңызды стратегиялық құжаттар болып табылады және сапа саласындағы Саясатқа сәйкес Консерваторияны дамытудың басым бағыттарына қол жеткізу бойынша нақты іс-шараларды (бірегей тұжырымдалған, оларды іске асыруға жұмсалатын ресурстар тұрғысынан есептелген кадамдық стратегиялық міндеттерді) айқындайды.

11. Сапа саласындағы мақсаттар иерархиялық құрылым болып табылады. Жоғары деңгейде бүкіл Консерваторияға қатысты мақсаттар бар. Содан кейін ЖОО-ның әкімшілік құрылымдық бөлімшелері (ұйымдық бірліктер), деканаттар мен кафедралар деңгейіндегі сапа саласындағы мақсаттар орындалады.

12. Сапа саласындағы мақсаттарды Консерваторияның барлық құрылымдық бөлімшелері жыл сайын оқу немесе күнтізбелік жылға (ағымдағы стратегия мен жұмыс жоспарына байланысты) әзірлейді.

13. Барлық құрылымдық бөлімшелердің стратегиясы мен жоспарлары негізінде Консерваторияның сапа саласындағы мақсаттары әзірленеді.

14. Барлық әзірленген құжаттар құрылымдық бөлімшелердің істер номенклатурасында, сондай-ақ Консерваторияның сайтында тиісті бөлімдерде болуы тиіс.

4. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

15. Ішкі сапаны қамтамасыз ету Саясатының мынандай мақсаттары бар:

- 1) Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйенің жалпы құрылымын анықтайды;
- 2) Консерваторияның білімі мен қызметінің сапасын қамтамасыз етуге және жақсартуға ықпал етеді;

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 4 беті

3) Ұлттық білім беру жүйесі шеңберінен тыс білім алушылардың өзара сенімін қолдайды және оқу нәтижелері мен ұтқырлығын тануға жәрдемдеседі;

4) Қазақстанның білім беру және Еуропалық жоғарғы білім беру кеңістігінде (ESG) қабылданған сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нормаларға қол жеткізуге ұмтылады.

16. Консерваториядағы ішкі сапаны қамтамасыз ету Саясаты ғылыми зерттеулерді, оқыту, оқыту арасындағы ұлттық байланысты көрсетеді және университет ішілік контекстті ескереді.

17. Саясат Консерваторияның барлық бөлімшелерінің қатысуын көздейтін ішкі сапаны қамтамасыз ету үдерістері мен стандарттар арқылы жүзеге асырылады.

18. Консерватория білім беру мен оны қамтамасыз ету сапасына жауапты.

19. Консерватория сапаны қамтамасыз ету үшін келесі негізгі принциптерді анықтайды:

1) Шығармашылық білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне сәйкестігі;

2) Қызметтің нормативтік және заңнамалық талаптарына сәйкестігі;

3) Даму стратегиясының бірлігін, Саясат пен рәсімдердің және барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету және арттыру жөніндегі қызметке тарту, сондай-ақ қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;

4) Сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен күтулерін есепке алып, олардың білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке белсенді тарту;

5) Білім алушыларға қатысты әділеттілік пен теңдік мүмкіндіктерді қамтамсыз ету;

6) Академиялық адалдық пен бостандықты, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түріне төзбеушілікті қолдау;

7) Сапа және стандарттар үшін нақты жауапкершілікті анықтау үдерісі;

8) Тәуекелге бағытталған ойлау және үдеріс тәсілін қолдану;

9) Деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау, оның ішінде сауалнамаларды талдау және әртүрлі фокус-топтарға сауалнама жүргізу негізінде маңызды басқару шешімдерін қабылдау;

10) Ішкі сапаны қамтамасыз ету және сапа мәдениетін дамыту жүйелерін үздіксіз жетілдіру үшін жағдай жасау;

11) Сыртқы және ішкі тәуелсіз бақылауды (ішкі аудиттерді) қолдану.

12) Сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарының өзектілігін тұрақты ұстап тұруды қамтамсыз ету;

13) Мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамсыз ету;

20. Консерватория жүзеге асыратын барлық білім беру бағдарламаларына қатысты сапаны қамтамасыз ету және жақсартуды қолданылады.

21. Консерватория басшылығы мониторингті және ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жақсарту мен оның қазіргі заманғы халықаралық

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 5 беті

стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін алқалы органдар мен бөлімшелерді: ғылыми кеңесті, оқу-әдістемелік кеңесті, факультеттердің оқу-әдістемелік кеңестерін, сараптамалық-үйлестіру кеңесін және басқаларын құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

22. Консерваторияның басшылығы құрылымдық бөлімшелердің өтінімі бойынша қажетті материалдарды, жабдықтарды, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді сатып алуды ұйымдастырады, білім беру бағдарламаларының материалдық-техникалық базасының инфрақұрылымын жақсартады, оқытушылардың қызметін ынталандыру, оның ішінде олардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды..

23. Институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеу, алдын алу шараларын бақылау шеңберінде барлық қызметті немесе білім беру бағдарламаларын ішкі өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Ғылыми кеңестің отырыстарында академиялық мәселелер, стратегиялық даму және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректорлардың, Консерватория факультеттері декандарының жылдық есептері, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау қорытындылары, сыртқы бақылау нәтижелері тыңдалады. Білім алушыларға, түлектерге, және жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіледі.

5. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

24. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру Консерватория басшылығымен факультеттер сондай-ақ кафедралар мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы ортақ жауапкершілік болып табылады.

25. Ректор Консерваториядағы жалпы басшылықты жүзеге асырады, білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді, Консерватория қызметінің нормативтік және заңнамалық талаптарға сәйкестігі үшін жауапты болады.

26. Ғылыми кеңес ЖОО-ның даму тұжырымдамасын анықтайтын және қызметтің барлық түрлерін ұйымдастырудағы негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын Консерваторияның алқалы басқару органы болып табылады.

27. Оқу-әдістемелік кеңес Консерваторияны басқарудың алқалы нысандарының бірі болып табылады. Оның қарамағына Консерваторияның оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру мен жетілдіру жатады. Оқу-әдістемелік кеңес өз қызметін жүзеге асыру барысында факультеттердің оқу-әдістемелік кеңестерімен, жоспарлау қызметі және оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімдерімен өзара әрекеттеседі.

28. Сараптамалық-үйлестіру кеңесі Консерваторияның үйлестіру-консультативтік органы болып табылады. Ғылыми жұмыс жүргізу және магистранттар мен PhD докторанттарының диссертацияларын дайындау кезінде жоғарғы ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейлерді қолдау үшін құрылған. Өнер магистрі/өнертану ғылымдарының магистрі, PhD докторы академиялық дәрежесін алу үшін диссертациялардың сәйкестігіне сараптама жүргізеді. PhD докторанттарын аттестаттауды жүргізеді, академиялық кезең қорытындысы бойынша ғылыми есептерді және

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 6 беті

диссертациялық жұмыстардың сараптамасын тыңдайды.

29. Ректорат Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің және олардың басшыларының міндеттері мен жауапкершілік өкілеттілігін белгілейді және нақтылайды. Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді. Консерваторияның қызметін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды дайындайды және Ғылыми кеңестің қарауына енгізеді. Консерваторияның қызметіне қатысты нормативтік актілері мен әдістемелік құжаттарын қарайды және әртүрлі қызмет салаларындағы жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстарды талдайды.

30. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор консерваторияның оқу және оқу-әдістемелік жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді. Білім берудің мониторингіне, оқу-әдістемелік жұмыс және практика регламентіне, академиялық саясатына, оқу-әдістемелік жұмысының жоспарына және даму (бағдарламаларына) стратегиясын әзірлеу үшін жауапты. Қызметтің мақсаты жеке тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптастыруына бағытталған сапалы білім алу, оқыту және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

31. Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор консерваторияның қызмет бағыты бойынша стратегиясын (даму бағдарламасын) әзірлеуді және іске асыруды, Консерваторияның халықаралық, өңірлік және қала ішілік ғылыми байланыстарын кеңейтуді, Консерваторияның ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу үшін барлық қажетті құжаттаманы дайындауға басшылық жасауды және бақылауды жүзеге асырады, халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру саласындағы Консерватория қызметінің нәтижелігіне, сондай-ақ Ғылыми кеңестің жұмысына жауапты болады.

32. Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор консерваторияның тәрбиелік жұмысы мен әлеуметтік қызметіне басшылықты жүзеге асырады, білім алушылар үшін әлеуметтік жағдайлардың сапасын қамтамасыз етуге, жеке тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың жаңа тәсілдерін құруға және енгізуге жауапты болады. Түлектерді жұмыспен қамтуды және оларды қаржы орталығында тіркеуді қамтамасыз ету. Жұмыс берушілермен байланыс, «Жұмыс берушінің сауалнамасын» және бос орындар жәрмеңкесін өткізу. Түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалау.

33. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторы нұсқаулық-әдістемелік материалдарды (ереже, нұсқаулықтар, ұсынымдар және т.б.) әзірлейді және әртүрлі бағдарламалық сабақтардың сипаты мен күрделілігінің дұрыс ауысуын ескере отырып кесте жасайды. Пәндердің жұмыс бағдарламаларын (силлабустарын) орындау және ауытқулар анықталған жағдайда түзету бойынша қажетті ұсыныстар енгізуді әзірлейді және бақылауды жүзеге асырады. Білім алушылардың үлгерімін бағалау жүйесінің рейтингі бойынша құжаттаманың жүргізілуін есепке алуды және бақылауды жүргізеді. Рейтингік жүйе бойынша білім алушылардың үлгерімін бағалаудың қолда бар тәжірибесін жинақтауды және таратуды зерделейді. Білім

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 7 беті

алушылардың үлгерімін бағалау және оқытудың модульдік-рейтингтік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

34. Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі СМЖ тұтастығын қолдау бойынша Консерваторияда сапаны басқару жүйесін әзірлеу және енгізудегі үйлестіру жұмыстарын жүзеге асырады. Консерваторияның сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкестігін сырттай бағалау рәсімдерін ұйымдастыруға және жүргізуге қатысады. Консерватория қызметкерлерін сапа менеджменті мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады. Білім беру сапасын ішкі аудиторлық тексеруді, білім беру қызметтерін көрсетуді ұйымдастырады және жүргізеді. Сапаны қамтамасыз ету Саясатын айқындайды, стратегиялық және операциялық жоспарларды әзірлейді, сапаны тиімді басқару үшін ақпаратты таратады. Жетекшілік ететін проректордың келісімі бойынша Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы және жоспардан тыс аудиттері мен сауалнамаларына қатыса алады.

35. Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы Консерваторияның қаржы-шаруашылық және әкімшілік қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру инвестициялық қызметтің орта мерзімді кезеңге арналған Консерваторияның бюджетін қалыптастыруды үйлестіреді. ЖОО-ның материалдық және техникалық ресурстарын жұмсаудың және ұтымды пайдаланудың негізделген нормаларын басқаруға жауапты.

36. Офис-тіркеуші бөлімі білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді, игерілген кредиттерді есепке алуды, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруды және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізуді жүзеге асырады, сондай-ақ тіркеуші кеңсесінің міндеттері:

- 1) білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын тіркеу (есепке алу);
- 2) бақылаудың барлық түрлерін жүргізуді ұйымдастыру;
- 3) контингент қозғалысын есепке алудың статистикалық есебі;
- 4) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 5) білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 6) білім алушылардың сұрауы бойынша анықтамалардың барлық түрлерін беруді ұйымдастыру;
- 7) білім алушылардың құрамы бойынша бұйрықтар дайындау;

37. Ғылыми-ақпараттық кітапхананы және электрондық ресурстарды басқару бөлімі білім беру үдерісінің оқу, оқу-әдістемлік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне жауап береді. Жоғарғы білім беретін ұйымның бейініне сәйкес мемлекеттік және басқа да тілдерде дәстүрлі және заманауи ақпарат тасымалдағыштарда құжаттар қорын қалыптастырады және сақтайды.

38. Ғылым және инновация бөлімі іргелі, іздестіру және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Консерваторияның ғылыми әлеуетін тиімді пайдалануға, сондай-ақ басым зерттеу бағыттарына сәйкес дамуына ықпал етеді.

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 8 беті

39. Ситуациялық мониторинг және IT-қызмет көрсету секторы

білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізеді, сондай-ақ басқарудың міндеттері:

- 1) бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу және сүйемелдеу;
- 2) жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу талаптарын қалыптастыру;
- 3) жаңа ақпараттық технологиялық жүйелерді зерделеу, енгізу, сүйемелдеу;
- 4) жергілікті есептеу желілерін жобалау, құру, оларға қызмет көрсету;
- 5) ақпараттық желіні, есептеу техникасын пайдалану жөніндегі стандарттарды, регламенттерді, нұсқаулықтарды әзірлеу және енгізу мен бағдарламалық қамтамсыз ету;
- 6) Консерваторияның желілік ақпараттық ресурстарын сүйемелдеу;
- 7) ақпараттандыру саласындағы білім беру үдерісін ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- 8) компьютерлік техниканы диагностикалау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

40. Академиялық комитеттер сапалы білім беру бағдарламаларын және Консерваторияның отандық және халықаралық білім беру қызметтерін нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іске асыру жөнінде ұсыныстар дайындайды; білім беру үдерісіне білім беру және ұйымдастырушылық инновацияларды енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларын жоспарлау және әзірлеу, білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

41. Факультеттердің әдістемелік кеңестері (ӨК) — факультет кафедраларының ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау мақсатында құрылған алқалы орган.

42. Факультеттердің әдістемелік жұмысына факультеттердің әдістемелік кеңестерінің төрағалары — кәсіби музыкалық білім беру саласында ғылыми дәрежелері, атақтары және/немесе үлкен тәжірибелік жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар жетекшілік етеді.

43. ӨК факультеттерінің жұмыс жоспарлары кафедра меңгерушілерімен, факультет декандарымен, ӨК төрағаларымен келісіледі және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректормен бекітіледі.

44. ӨК төрағасының функционалдық міндеттеріне мыналар жатады:

- 1) оқытушылардың жеке жоспарының ПОҚ орындалуын ұйымдастыру және мониторингілеу (оқу-әдістемелік аспект);
- 2) факультеттегі жетекші оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін талдау және жалпылау, жаңаларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу, оқыту технологияларын жетілдіру, оқу сабақтарының барлық түрлерін өткізу әдістемесін жетілдіру, компьютерлік техниканы және басқаларды пайдалану, оқыту технологиялық құралдардың тиімділігін талдау;

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 9 беті

3) факультеттерде әзірленген оқу құралдарын, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік жұмысын жетілдіру жөніндегі материалдарды талқылау және басып шығаруға ұсыну;

4) ПОӘК қалыптастыруды және жаңартуды бақылау, оларды ӘК-ке тапсыру;

5) оқу пәндерінің әдістемелік қамтамасыз ету карталарының уақтылы жүргізілуін және жаңартылуын бақылау;

6) ҚР МЖМБС заманауи талаптарына сәйкес оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларының мазмұнына көп аспектілі талдау жүргізу;

7) пәндердің жұмыс оқу жоспарларын, жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және келісу;

8) факультеттің оқу пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

9) факультеттің ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

10) ӘК факультеттерінің отырыстарын өткізу;

11) ӘК және ӘК факультеттерін талқылай отырып, ПОҚ ашық сабақтарын ұйымдастыру.

45. Факультет кеңесі. Факультеттің даму тұжырымдамасын анықтайды, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, оқу үдерісін әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасына сараптама және мониторинг жүргізуге, ғылымды дамытуға және факультетте тәрбие жұмысының сапасын қамтамасыз етуге бағытталған факультет деңгейіндегі іс-шараларды әзірлейді.

46. Декан факультетке жалпы басшылықты жүзеге асырады, осы Саясаттың тармақтарын іске асыруға, тиісті білім беру бағдарламаларын реттейтін стандарттар мен талаптарды орындауға жауапты болады. Факультет қызметінде студенттерге бағдарланған тәсілді қамтамасыз етеді.

47. Кафедра меңгерушісі профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады. Кафедра меңгерушісі нақты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, мониторингтеуге және жетілдіруге жауапты.

48. Профессор-оқытушылар құрамы оқытушылық қызметтің, оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасын, оқу үдерісінің тиісті білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен оқу нәтижелеріне сәйкестігі үшін жауапты болады.

49. Барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары бөлімше қызметінің белгілі бір мақсаттарға, міндеттер мен функцияларға сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін нақты жауапкершілік құрылымдық бөлімшелердің ережелеріне, алқалы органдар туралы ережелерге сәйкес бөлінеді.

50. Білім беру сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес оқыту мен оқыту сапасын арттыруға арналған құралдарды реттейтін барлық нормалар «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 10 беті

консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта жазылған.

6. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

51. Осы Саясатты өзгерту бойынша ұсыныстар Ғылыми кеңестің отырысында талқыланады және көпшілік дауыспен қабылданады немесе күшін жояды (отырысқа қатысып отырған ҚК мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы).

52. Саясатқа өзгерістер енгізу тек Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша академиялық мәселелер жөніндегі проректорымен келісілген сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысының қызметтік хаты негізінде жүргізіледі.

53. Саясатқа өзгерістерді енгізу СМЖ талаптарына сәйкес «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгімен жүргізіледі.

54. Саясаттағы өзгерістер туралы хабарламалар Консерваторияның барлық кафедралары мен жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

55. Саясаттың түпнұсқасы Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде сақталады. Консерваторияның құрылымдық бөлімшелері бойынша Саясат даналарын таратуды сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі жүзеге асырады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

56. Осы Саясатты, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Консерватория ректоры бекітеді және олар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

57. Саясат тармақтары орындалуы міндетті және нормативтік құжаттардың өзгеруіне, осы ережеде ескерілмеген жаңа қосымша шығыстардың пайда болуына байланысты өзгертілуі не толықтырылуы мүмкін.

58. Саясат тармақтарын іске асыруда туындайтын өзге де мәселелер Консерваторияның жарғысына не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Ереже	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	13 беттің 11 беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркелген күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4
1	30.04.2025	Нормативтік анықтама толықтырылды - Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар, 2015 жылдың мамырында Ереванда өткен министрлер конференциясында мақұлданды.	
2	30.04.2025	Жаңа лауазымдар мен бөлімдердің атаулары Құрманғазы атындағы ҚҰК бекітілген 25.12.2024 ж құрылымына сәйкес жаңартылды.	

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
1	Шакирова С.М.	рух. сектор. по	[Signature]	30.04.25
2	Мусаева Р.С.	рух. сектор. по	[Signature]	30.04.25
3	Атаева Н.А.	рух. САВ	[Signature]	30.04.25
4	Маминбаева А.Ж.	рух. Ц.М.Р.и.О.	[Signature]	30.04.25
5	Әбдіқадір А.Е.	Төкм. сектор. басшы	[Signature]	30.04.25
6	Аманжол	ХБ.Ы.Б.С.М.и.О.	[Signature]	30.04.25
7	Аманжол	Зав. кадр. жет. б.м.	[Signature]	30.04.25
8	Әбдіқадір А.Е.	Зав. кадр. Д.М.Б.	[Signature]	30.04.25
9	Аманжол	Декан Ф.Н.И.	[Signature]	30.04.25
10	Аманжол	Рух. сектор. по саяс.	[Signature]	30.04.25
11	Аманжол	Рух. Т.М.и.Т.К.	[Signature]	30.04.25
12	Аманжол	Рух. сектор. по саяс.	[Signature]	30.04.25
13	Аманжол	Рух. сектор. по саяс.	[Signature]	30.04.25
14	Аманжол	Зав. кадр. Спец. ф.и.о.	[Signature]	30.04.25
15	Аманжол	Зав. кадр. Втр. инст.	[Signature]	30.04.25
16	Аманжол	Зав. кадр. С.М.Б.	[Signature]	30.04.25
17	Аманжол	Зав. кадр. Д.М.Б.	[Signature]	30.04.25
18	Аманжол	Зав. кадр. С.М.Б.	[Signature]	30.04.25
19	Аманжол	Зав. кадр. С.М.Б.	[Signature]	30.04.25